

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 118-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 8 қарашадағы № 182-ө өкімі.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 118-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесінде:

- реттік нөмірлері 8 және 10-жолдар алып тасталсын;
- реттік нөмірі 37-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

37	"Шығыс Қазақстан облысындағы көші-қон процестерін реттеу қағидаларын бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 6 қазандағы № 14/166-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы	шешім	Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі	2021 жылғы қараша
----	--	-------	------------------------------------	-------------------

";

- реттік нөмірлері 46 және 47-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

46	"Астана қаласының көші-қон процестерін реттеу қағидаларын бекіту туралы" Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы № 356/45-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы	шешім	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2021 жылғы қараша
47	"Алматы облысындағы көші-қон процестерін реттеу қағидаларын бекіту туралы" Алматы облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 26-129 шешіміне өзгерістер енгізу туралы	шешім	Алматы облысының әкімдігі	2021 жылғы қараша

";

- реттік нөмірі 150-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

150	"Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау	ДСМ	
-----	--	---	-----	--

қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	министрінің бұйрығы		2021 жылғы қараша	А . Ғиният
---	---------------------	--	-------------------	------------

”;

реттік нөмірлері 179, 180 және 181-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

”

179	"Конкурстық негізде алынатын жоғары білімнің ең төмен әлеуметтік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 303 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы	БҒМ	2021 жылғы қараша	Б.А. Асылова
180	"Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, "Мәңгілік ел жастары–индустрияға!" ("Серпін") жобасы бойынша кадрлар даярлауды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды, "100/200" қағидаты бойынша "Жас маман" жобасы шеңберінде еңбек нарығында сұранысқа ие білікті кадрлар даярлау, сондай-ақ колледждер мен ЖОО-ларда кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы	БҒМ	2021 жылғы қараша	Б.А. Асылова
181	"Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы	БҒМ	2021 жылғы қараша	Б.А. Асылова

”;

реттік нөмірі 186-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

186	"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі әзірлеген ведомстволық статистикалық байқаулардың нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 227 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығы	СЖРА ҰСБ (келісу бойынша)	(2021 жылғы қараша	Н.С. Айдапкелов
-----	--	--	-----------------------------	---------------------	-----------------

”;

реттік нөмірі 188-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

	"Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды	Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі	СЖРА ҰСБ (келісу		
--	--	--	-------------------	--	--

188	бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 5 ақпандағы № 7 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығы	бойынша)	2021 жылғы қараша	Н. С. Айдапкелов
-----	--	---	-----------	-------------------	------------------

”;

Ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Әділетмині – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі;

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.

БП – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы;

ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;

Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

ИИДМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі;

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

Қорғанысмині – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;

СИМ – Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі;

СІМ – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі;

ҰБ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі;

СЖРА ҰСБ – Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі;

ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі;

ІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;

* – НҚА-ны қабылдау мерзімі "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және инвестициялық ахуалды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қол қойылғаннан кейін екі ай ішінде."

Премьер-Министр

А. Мамин